

**«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ажарбекова  
Эльвира Насипкуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына ресми рецензенттің  
ШКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p><b>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</b></p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс тақырыбы тіл ғылымының өзекті бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар, ғылымды дамытуға арналған заңдар негізінде жүргізілген және тіл білімінің антропоөзектік бағыттына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация лексикология саласына, оның ішінде, семасиологияға қатысты маңызды жұмыстардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда адамды тіл арқылы тану – тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Тіл білімінде адам туралы, оның танымын, мінез-құлқын, сыртқы бейнесін, эмоциясын, қимыл-қозғалысын тілдік түрғыдан түсінуге мүмкіндік беретін тілдік бірліктерді, лексемаларды семантикалық түрғыдан талдап, сез мағыналарының семалық белгілерін анықтаған зерттеу жұмыстары аз. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы семасиология саласын дамытуда, антропоөзектік бағыттағы зерттеулердің маңызын арттыруда, сондай-ақ салыстырмалы, салагастырмалы тіл білімі мәселелерін шешуде тиімді.</p>
2.	Ғылымга маңыздылығы	<b>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</b>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны, ондағы айтылған мәселелер түркі тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде маңызды болып табылады. Себебі адам бойындағы түрлі қасиеттердің тілдік бірліктер арқылы түсіндірілуі, олардың бағалауыштық мәні мен мағыналық қолданысы, мағыналары мен семалық белгілері әлі де қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелердің бірі екені белгілі. Адами қасиеттерді білдіретін лексемалар тілде белгілі бір өріс шеңберін құрайды. Осыған байланысты зерттеу жұмысында лексика-семантикалық өріс,</p>

оның басты белгілері, өріс құраушы бірліктердің ядросы мен перифериясы Г.Шухардт, И.Тир, Г.Ипсен, В.Порциг, Л.М.Васильев, В.Г.Гак, А.А.Уфимцева, Д.Н.Шмелев, Ф.П.Филин, В.И.Кодухов, И.А.Стернин, Э.В.Кузнецова, И.Кучкартаев, М.Оразов, Ф.Хасанов, Б.Қ.Қалиев, З.Қ.Ахметжанова сынды ғалымдардың зерттеу жұмыстарына негізделе отырып талданады. Аталған ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, ізденуші «адами қасиет» өрісін құраушы лексемалардың мағыналық қатынасын, ядросы мен перифериясын, семалық белгілерін анықтайды, осыған орай өзіндік ғылыми болжам жасайды. Сондай-ақ «адами қасиет» ұғымының филология, әлеуметтану ғылымдарындағы «құндылық», психологиядағы «мінез», «темперамент» ұғымдарымен байланысы анықталып, оларды сипаттайтын тілдік бірліктердің (фразеологизмдер, теңеулер, паремиялар) бағалауыш мәні және қолданысы талданады. Осы жағынан алғанда зерттеу жұмысының маңызын аштын тілдік деректер мен теориялық деректер жеткілікті дәрежеде қамтылған. Оны докторанттың құндылық бойынша Д.Лаэртский, И.Кант, Р.Г.Лотце, Л.С.Рубинштейн, Н.Д.Смелзер, Н.И.Лапин, В.П.Тугаринов, А.Г.Здравомыслов, М.Г.Казакина, т.б., жас ерекшелік психологиясы, мінез, темперамент мәселелері бойынша З.Фрейд, Л.С.Рубинштейн, Н.Д.Левитов, К.Г.Юнг, А.В.Батаршев, Қ.Б.Жарықбаев, Н.С.Жұбаназарова, т.б., адам концептісі, адам мінез-құлқының, эмоциясының, ішкі жан дүниесі мен сырт келбетінің тілдеңі көрінісі және олардың бағалауыш мәні жөнінде О.Ю.Динисламова, Е.Ю.Харитонова, Ю.Г.Синельников, С.А.Андрисова, А.Х.Газимова, А.В.Яруга, М.Г.Церцавадзе, Р.В.Мукашева, Ә.Қайдар, Г.Н. Смагұлова, А.Е.Алексеева, С.Е.Павлова, Ф.Р.Сибгаева, О.Г.Лапшина, И.И.Домбровская, Н.В.Шелепова, Н.В.Аксенова, Н.В.Сторчак, С.А.Булгучева, Н.В.Терехова, М.М.Худайберганова, Н.Д.Абраров, С.А.Петренко, А.С.Алешин, Б.Қ.Мамынова, А.Р.Рахимова, Д.К.Мусабаева, Е.А.Журавлева, Т.В.Некрасова,

			т.б. сынды отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алғанынан көреміз. Бұл жұмыстың ғылыми-теориялық құндылығы жан-жақты қарастырылған кешенді зерттеу, әрі нәтижелері жаңа ғылыми сипатқа ие екенін көрсетеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; ттеу екенін 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық жұмысты жазу барысында қол жеткізген нәтижелердің, тұжырымдар мен корытындылардың барлығы да ғылыми негізделген және олардың қажеттілігі дәлелденген. Автор ұсынып отырған жаңа әрі тың тұжырымдар тілдік материалдар мен тілдік деректер негізінде дәлелденіп, бұрыннан қалыптасқан ғылыми көзқарастармен, шешімдермен салыстырылып бағаланған. Диссертациялық жұмыста ізденуші Э.Н.Ажарбекова алдына қойған мақсатына жету үшін жүйелі әрі ғылыми негізде тұжырым жасап, ойын нақты жеткізе білген. Докторант өз ғылыми зерттеу жұмысына қатысты материалдарды пайдаланып қана қоймай, оларға қатысты өзіндік ғылыми көзкарас, пікір білдіріп, ой-тұжырым жасай білген. Диссертация жұмысында адами қасиеттердің тілдік бірліктер арқылы берілуі кешенді түрде қарастырылып, тілде адамды сипаттауда өнімді түрде қолданылатын сын есімдер талданған. Ізденушінің ғылыми нәтижелерінің барлығы да дәйектермен негізделеді, олардың теориялық әрі практикалық қажеттілігі дәлелденген. Зерттеу жұмысындағы тұжырымдардың ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген. Адам бойындағы қасиеттер, мінез-құлық бітістері психология ғылымында сөз етілгенімен, лингвистика ғылымында тілдік түрғыдан олардың берілу жолдары түбегейлі зерттелмеген. Сондықтан адами қасиеттерді сипаттауда жиі қолданылатын фразеологизм, макал-мәтел, теңеулердің, сын есімдердің бағалауыш мәнін анықтап, осындағы сын есімдерді лексика-семантикалық өріс аясында қарап зерттеу, оларды семалық белгілеріне қарай талдау өзекті болып саналады.

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <b>айқындайды;</b>      2) жартылай айқындайды;      3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды.</p> <p>А.Э.Насипкуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы, мазмұны мен құрылымы, нәтижелері мен қорытындылары ғылыми зерттеудің логикасына сай орындалған әрі өзара жүйелі түрде сабактастықта берілген. Барлық алынған нәтижелері ішкі жүйелілігімен сипатталады. Тақырыпқа сай диссертация мазмұнында адами қасиеттердің түрлі тілдік бірліктер арқылы түсіндірілетіндігі сараланып, олардың бағалауыш мәні мен қолданысы тілдік деректер негізінде дәлелденген.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <b>сәйкес келеді;</b>      2) жартылай сәйкес келеді;      3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеуде койылған мақсат пен міндеттер диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді. Нәкты айтқанда, адами қасиеттерді сипаттайтын тілдік бірліктерді анықтап, олардың ішінде сын есімдерді лексика-семантикалық өріс аясында қарап, семалық талдау жасау мақсатына сәйкес бірнеше міндеттер көзделген. Міндеттерде тіл біліміндегі өріс теориясына қатысты ғылыми тұжырымдар сараланған; адами қасиеттерді сипаттауда колданылатын тілдік бірліктерге (фразеологияздар, мақал-мәтелдер, тенеулер, сын есімдер) талдау жасалған; адами қасиетті сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобы құрылған; адами қасиет өрісіндегі лексемалардың парадигмалық, синтагмалық қатынасы анықталған; адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобының ядросы (өзегі) мен перифериясы (шеткегі аймағын) анықталған; адами қасиеттерді білдіретін сын есімдердің семалық құрылымы сипатталған. Аталған міндеттер тақырыптың ашылуына, мақсаттың орындалуына сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <b>толық байланысқан;</b>      2) жартылай байланысқан;      3) байланыс жок</p>	<p>Диссертациялық жұмыс екі бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттерден және қосымша материалдардан тұрады. Әр бөлімнің мазмұны жұмыста қойылып отырған мақсат-міндетке сәйкес негізделген. Екі бөлім өзара бір-бірімен сабактастып отырады. Жұмыстағы әрбір бөлім бөлімшелерге бөліне</p>

			отырып зерттелген, әрбір бөлімшелердің сонында мүмкіндігінше тұжырымдар берілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <b>сыни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жұмыста теориялық материалды практикалық жағынан тілдік деректермен ұштастыра білген. Түркі, ағылшын, орыс тілдеріндегі материалдарды өзара салыстыра, салғастыра отырып, адами қасиеттердің берілу жолдарындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді де көрсеткен. Адам бойындағы қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің магыналық құрамындағы семалық белгілерді анықтау барысында сауалнамалар жүргізіл, нәтижелерін кестелер мен диаграммалар арқылы жинақтап берген. Адамның түрлі қасиеттерінің тілде жан-жануар, аң атаулары арқылы ассоциацияланатындығы зооним компонентті тұрақты тенеулер мен паремиялар арқылы дәлелденген. Диссертациядағы ғылыми тұжырымдар жаңашылдығымен ерекшеленеді. Автор ұсынған тұжырымдар дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, сынни талдау жасалған. Осыған сәйкес зерттеу жұмысын ғылыми талаптарға сай орындалған деп бағалаймыз.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жана болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Докторант ғылыми нәтижелерге толық жеткен. Оған докторант көрсеткен төмендегі нәтижелер дәлел бола алады: - адам бойындағы қасиеттерді сипаттауда қолданылатын фразеологизмдер, паремия, тенеулер топтастырылған; - адами қасиетті сипаттайтын лексемалардың лексика-семантикалық өрісі түзілген; - адами қасиет өрісіне енетін лексемалардың парадигмалық, синтагмалық қатынастары сарапанған; - адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобының ядросы (өзегі) мен перифериясы (шеткері аймағы) анықталған; - адами қасиеттерді сипаттауда қолданылатын сын есімдерге семалық талдау жасалып, дифференциалды семалары анықталған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары	Диссертация қорытындылары толығымен жаңа болып

	<p>жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);      3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>табылады. Себебі зерттеуші жұмыстың мақсатына жетуде, міндеттерді шешуде өзіндік жаңа қорытындылар жасаған. Әсіресе адами қасиеттерді сипаттайтын фразеологизмдер мен паремиялардың бағалауыш мәні мен сын есімдердің мағыналық құрамына семалық талдауларында тың қорытындылар жасайды.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>      2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);      3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа әрі негізді. Себебі докторант «адами қасиет» өрісіндегі сын есімдердің мағыналық құрамындағы семаларды анықтау барысында сауалнамалар жүргізген. Сауалнама қорытындыларына талдау жасап, нәтижелерін жинақтап көрсеткен.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Жұмыста «адами қасиет» ұғымының «құндылық», «мінез», «темперамент» ұғымдарымен байланысын анықтап, оның тілде фразеологизмдер, паремиялар, теңеулер, сын есімдер арқылы берілетіндігі анықталып, олардың бағалауыш мәні талданған, нәтижесі ғылыми тұрғыдан негізделген;</p> <p>Тіл біліміндегі өріс теориясы турасындағы тұжырымдарды қарастыра келе, тілдік жүйедегі бірліктердің өзі текстес, өзімен тенденс немесе белгілі бір шекте қарсы байланыстағы басқа бірліктермен әрі парадигмалық, әрі синтагмалық қатынаста тұрып құрайтын ортасын, аясын өріс деп танылып, оған тән қасиеттер анықталған, нәтижесі ғылыми тұрғыдан негізделген; «Адами қасиет» өрісіне енген бірліктердің парадигмалық, синтагмалық қатынастары талданып, өрістің ядросы мен перифериясы анықталған, нәтижесі ғылыми тұрғыдан негізделген;</p> <p>Адамды сипаттауда қолданылатын сын есімдерді «қасиет» архисемасына қарай бір семантикалық өріс құрайтындығы айтылып, семантикалық талдау барысында аталған өріске енген</p>	

			сөздер дифференциалды семаларына қарай лексика-семантикалық топтарға жіктелген, нәтижесі ғылыми тұрғыдан негізделген;
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кең</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>7.1 Диссертация бойынша ұсынылған тұжырымдар тілдік материалдар негізінде дәлелденіп, ізденушінің ұсыныстары тілдік бірліктердің семантикасына қатысты теориялық міндеттерді шешуге бағытталған. Зерттеу жұмысы тек теориялық тұрғыда емес, сондай-ақ практикалық тұрғыда талданып тұжырымдалған. Атап айтқанда, филология, психология мамандықтарында оқитын 18-20 жас аралығындағы студенттер мен 16-50 жас аралығындағы әртурлі мамандық иелерінен сауалнама алынған. Сауалнама қорытындысы бойынша талдау жұмысы жүргізіліп, теориялық тұжырымдармен салыстырыла қарастырылған. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер казак тіл білімінің дамуына езіндік үлесін қосатын болады.</p> <p>7.2 Қорғауға ұсынылып отырған негізгі қағидаттар тривиалд емес. Себебі зерттеу жаңа деңгейде қарастырылған жұмыс болып табылады.</p> <p>7.3 Қорғауға ұсынылып отырған негізгі қағидаттар жаңа. Атап айтқанда, адами қасиеттерді сипаттайтын тілдік бірліктерді (фразеологизмдер, мақал-мәтеддер, тенеулер, сын есімдер) анықтап, олардың он, теріс және бейтарап бағалауыш мәнде жұмсалатындығын дәлелдейді; Адами қасиетті сипаттайтын сын есімдер мағына ортақтығына қарай бір өріс аясына жинақталып, олардың бірін-бірі анықтап, толықтырып, сондай-ақ, бір-бірінен семалық белгілеріне қарай ажыратылатындығын, бір-бірімен парадигмалық және синтагмалық байланыс түзетіндігін анықтайды; «Адами қасиет» өрісінің ядросында «қасиет» архисемасы бар лексема, ал перифериясында дифференциалды семасы бар лексема жататындығын, семантикалық өріс ішіндегі бірліктердің ядродан периферияга немесе архисемамен байланысын</p>

			<p>жоғалтқан кезде басқа іргелес өріске ауысатындығын дәлелдеп, мұндай ауысулар тілдің сездік құрамындағы экстралингвистикалық, интралингвистикалық себептеріне байланысты уақыт өте келе, біртінде болатын өзгерістерге байланысты болатындығын болжайды. «Адами қасиет» архисемасы негізінде өріс түзуші сын есімдердің мағыналық құрамынан жағымды (<math>J_1</math>), жағымсыз (<math>J_2</math>), жас мөлшер (<math>Js</math>), гендер (<math>G</math>), интеллект (<math>In</math>) семаларын анықтап, оны көркем шығармадан алынған мысалдар негізінде дәлелдейді. Жас мөлшер (<math>Js</math>) семасы бар сын есімдерді «нөресте» (<math>Js_1</math>), «жеткіншек» (<math>Js_2</math>), «жасөспірім» (<math>Js_3</math>), «жас» (<math>Js_4</math>), «егде» (<math>Js_5</math>), «карт» (<math>Js_6</math>) дифференциалды семаларына, гендер (<math>G</math>) семасы бар лексемаларды іштей «ер» (<math>G_1</math>), «әйел» (<math>G_2</math>) және «гендерлік ортак» (<math>G_3</math>) дифференциалды семаларына жіктейді. Интеллект (<math>In</math>) семасы бар сын есімдердің бірінен-бірі жоғары интеллект (<math>In_+</math>) және төмен интеллект (<math>In_-</math>) дифференциалды семалары бойынша ажыратылатындығын мысалдермен дәлелдейді.</p> <p>7.4 Зерттеу жұмысының қолдану деңгейі кең. Себебі зерттеудің нәтижелері қазақ тілінің семасиологиясы, мағынаның семалық белгілері, антропоэзектік бағыттағы зерттеулерге негіз бола алады.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 7 мақала жарық көрген. Оның ішінде Scopus халықаралық мәліметтер базасындағы журналда – 1, КР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда – 3, халықаралық конференция жинақтарында – 3 мақала (шетелдік – 2, отандық – 1) жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Зерттеуде жұмыстың әдіснамасы нақты әрі толық жазылған. Көптеген теориялық мәліметтер мен тілдік деректердің қолданылуы жұмыстың жан-жақты кешенді түрде қарастырылғанын көрсетеді. Адами қасиеттің құндылық, міnez, темперамент ұғымдарымен арақатынасын анықтауда

дәйектілігі	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер <b>нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінara расталған / расталмаган</b></p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті. Зерттеу жұмысында 160 ғылыми әдебиет қолданылған. Әдебиеттер тізімі шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстары мен еңбектерінен тұрады.</p>	<p>философия, психология, әлеуметтану ғылым салаларына қатысты еңбектер, семантика, өріс теориясы, синтагма, парадигма, сема, фразеология, паремия бойынша зерттеу жұмыстары басшылықта алынған.</p> <p>Зерттеу барысында сипаттама, семантикалық талдау, кешенді жинақтау, компоненттік талдау, лингвистикалық талдау әдістәсілдері қолданылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген. Зерттеуде Адами қасиеттерді сипаттайтын сын есімдерге семантикалық талдау жасау барысында олардың семалық белгілерін анықтау мақсатында қазақ тілді 18-20 жас шамасы аралығындағы филология және психология факультеттерінің студенттері мен 16-50 жас аралығындағы түрлі мамандық иелеріне саулнама жүргізілген.</p>
-------------	--	---

9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– адам бойындағы қасиеттерді сипаттауда қолданылатын тілдік бірліктер топтастырылып, олардың бағалауыш мәні анықталған;</li> <li>– «адами қасиет» архисемасы негізінде лексика-семантикалық өрісі түзіліп, оған енетін лексемалардың парадигмалық, синтагмалық қатынастары сараланған; аталған өрістің ядросы (өзегі) мен перифериясы (шеткегі аймағы) анықталған;</li> <li>– адами қасиеттерді сипаттауда қолданылатын сын есімдерге семалық талдау жасалып, жағымды (<math>J_1</math>), жағымсыз (<math>J_2</math>), жас мөлшер (<math>Js</math>), гендер (<math>G</math>), интеллект (<math>In</math>) дифференциалды семалары анықталған, олар тілдік деректермен дәлелденген.</li> </ul>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысындағы нәтижелерді, деректерді жоғары оқу орындарында тіл біліміне кіріспе, лексикология, семасиология бойынша лекция, семинар сабактарында, сонымен катар филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Себебі семантикалық талдау нәтижелерін тілдік сөздіктерді құрастыруда, практикалық, семинар сабак тапсырмаларын дайындауда пайдалануға болады</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Себебі диссертациялық жұмыс құрылымы мен рәсімделу талabyна сай орындалған. Диссертант өз тұжырымдарын дәйектеуде тақырыпқа қатысты пікірлер мен анықтамаларды келтірген. Жұмыс ғылыми стильде жазылған.</p>

«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ажарбекова Эльвира Насипқуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы теориялық және практикалық жағынан маңызды. Зерттеу жұмысындағы нәтижелер қазақ тілінің лексикологиясының семасиология, фразеология салаларындағы және антропоөзектік бағыттары зерттеулердегі кейбір мәселелерді шешуге негіз бола алады.

Ажарбекова Эльвира Насипқуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын он багалай отырып, төмендегі ұсыныстар мен сұрақтар беріледі:

- 1) «Адами қасиет» семантикалық өрісіндегі лексемалардың дифференциалды семалары толық қамтылған ба?
- 2) Жалпы жағымды мәнде қолданылатын адами қасиетті білдіретін сөздің белгілі бір мәтінде жағымсыз мәнде қолданылуы немесе көрінше жағымсыз адами қасиетті білдіретін сөздің контексте жағымды мәнде қолданылуы ұшырасты ма?
- 3) Адами қасиеттердің зат есім, етістік арқылы берілуі жұмыста аталады, бірақ негізгі нысан ретінде сын есім алынады. Адами қасиеттердің зат есімдер мен етістіктер арқылы берілуі қазақ тілінде бар ма, болса мысал келтіріп кетсөніз.

Жоғарыда аталған ұсыныстар мен ескертулер ізденушінің диссертациялық жұмысының мазмұнын, сапасын және құндылығын төмендетпейді. Ажарбекова Эльвира Насипқуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар, орындалу деңгейі тұрғысынан барлық талаптарға сайяқталған жұмыс болып табылады.

**Ажарбекова Эльвира Насипқуловна** 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп санаймын және Комитетке Ажарбекова Эльвира Насипқуловнаға «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Филология ғылымдарының докторы,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры



К.Н.Смағұлова

